

С.А. Жиренов

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: Saken82@mail.ru)*

Орнитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасы

Этностың ұлттық болмысы мен менталитеті, дүниетанымы мен тұрмыс-салты тілде қалыптасқан орнитонимдік паремиялардың этномәдени сипатын лингвистикалық аспектіде қарастыру арқылы этнос дүниетанымын тануға болады. Орнитонимдік паремиялар этностың өткендегі өмірінен, ұлттық мәдениеті мен дүниетанымынан, адам мен құстар әлемі арасындағы рухани және материалдық жақындығына қатысты құнды тілдік-танымдық деректерді береді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің бір саласы — құстар туралы, яғни құстар әлеміне қатысты паремиялардан тұрады. Этностың тұрмыстық мәдениетіндегі құстар этноқауымдастық өкілдерімен рухани және материалдық жағынан өзара тығыз байланыста өмір сүреді. Құстар мен адамдар арасындағы байланыс этнос тіліндегі орнитонимдік паремиялардан анық көрінеді. Мақаланың зерттеу материалы ретінде орнитонимдік паремиялардағы этностың дүниетанымы, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі, діни түсінігі, құстар әлеміне көзқарасы лингвистикалық аспектіде арнайы қарастырылған. Тілдегі орнитонимдік паремиялар этностың қоғамдағы тарихи, мәдени, рухани, әлеуметтік ерекшеліктерінің этномәдени айнасы іспеттес бірлік саналатындығы ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан зерделенген.

Кілт сөздер: этнос, орнитонимдік паремия, мәдениеттаным, тілдік таным, адам, құстар әлемі, қоғам, табиғат.

Kipicne

Қазақ лингвистикасындағы паремеологизмдер тілтанымдағы дәстүрлі-құрылымдық, антропоэзектік, тарихи салыстырмалы-салғастырмалы бағыттарда кеңінен зерттеліп, паремеология атты ғылым саласы мен дербес пәнді қалыптастырғандығы белгілі. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдер лексика-семантикалық, лингвостилистикалық, құрылымдық-синтаксистік, көркемдік-танымдық, прагматикалық-дискурстық, лингвомәдениеттанымдық, узуалды-оказианалдық, тіларалық салыстырмалы-салғастырмалы, этнолингвистикалық аспектілерде жан-жақты зерттеліп, ғылыми өндірісте әралуан бағытта қолданыста жүр. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдік қолданыстағы паремеологизмдердің табиғатын тануда этностың дүниетанымдық, лингвомәдени, тілдік прагматикалық, халық тілінің қазыналы қойнауын тануға ерекше ықпал етуде.

Адам баласы өзін қоршаған әлемді, ондағы сан алуан құбылыстарды, аффективтік тұрғыдан сіндіріп, санасымен сараптап қана қоймайды. Өзі қабылдаған дүниенің әралуан құбылыстарын өзінше бағамдап, ақпаратты өңдеп, жаңа сапада талдап, ой елегімен екшеп, тілдік тұрғыдан баға береді. Бұның бәрінің тілдегі түйіні паремеологизмдерден анық көрінеді. Тілдегі мақал-мәтелдер — мыңжылдықтар аралығында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра боп, асқан шеберлікпен жасалған поэтикалық образды сөз өрнегі саналады. Мақал-мәтелдерден этностың ақыл-ойының онтологиясын, әлем туралы тапқырлығы мен даналығының энциклопедиялық қуаты көрінеді. Паремеологизмдердегі келелі ой мен кестелі сөздің үйлесімінен, этностың әлем туралы түсінігінің паремиялогиялық бейнесі жасалады. Қазақ тіліндегі паремеологизмдердің жасалуы мен қолданысына әр алуан компоненттер арқау болады. Адамды «қоршаған табиғат құбылыстары мен қоғамдық қарым-қатынастардан алған тәжірибе, ұғым-түсінікті тұжырымдап, бейнелеп айту — мақал-мәтелдердің қалыптасуындағы алғашқы қадамы. Адамның сол ой-тұжырымның өзіне пайдалы мағұлмат деп тануын мақал-мәтелдердің қалыптасуындағы екінші қадам деуге болады. Үшінші қадам — сол мағұлматты танысымдық мәні бар, пайдалы ақыл-кеңес, жадында сақтауға тұратын ғибрат деп тану» әрекеті ақиқат әлемдегі әр алуан құбылыстарды тұтастай қамтиды [1: 17]. Этнос тіліндегі паремиялар орнитонимдік компоненттер негізінде жасалып, әлемнің паремеологиялық бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл мәселеге қатысты профессор Г. Сағидолда: «Дүниенің паремеологиялық бейнесінде реалды дүниедегі заттар мен құбылыстар да, адам қиялының туындысы іспетті ойдан шығарылған реалды емес әлемнің бейне кескіндері, үзінділері «кодтар тоғысы» көрініс береді. «Кодтар тоғысын» айқындау арқылы тұрақты бейнелі оралымдардың этномәдени ішкі мазмұнын ашып, «Адам мен Әлем» арасын-

дағы күрделі қатыстылықтың терең қатпарларын «індете зерттеуге» болады» деген пікірінен орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған паремиялардың этномәдени семантикасын зерттеу арқылы этноқауымдастық өкілдері табиғаттың әр алуан бөлшектерімен (зооморфтық, орнитонимдік, космо-нимдік, т.б.) етене жақындығын көрсетеді [2: 182].

Тілдік қолданыстағы орнитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасын зерттеудің мақсаты этнос дүниетанымындағы құстар әлемі мен адамдар тұрмысының сабақтастығы, жер (адам) мен көктің (құстың) ажырамас бірлігі, табиғат пен адамның тепе-теңдігі дейтін күрделі категориялардың өзара тұтастығын поэтикалық образды бірліктер арқылы көрсету көзделеді. Тілдік қолданыстағы орнитонимдік паремиялардың басым бөлігі құс атаулары арқылы жасалып, абстрактылы-жалпылама мәнде жұмсалады. Сол арқылы мақал-мәтелдердің табиғатына сәйкес, ауыспалы мағынада, түйдекті ойды түйіндеп жеткізуде, дидактикалық сарында қолданылады. Құс атаулары арқылы жасалған мақал-мәтелдердің санадағы тудыратын ассоциациясының абстрактылы сипаты басым, жалпылама мәндегі қолданысы тұрмыстық өмірде жиі кездеседі. Ал бұл дегеніміз құстар әлемінің мақал-мәтелдерге арқау болуының астарында, этностың дүниетанымдық әлемінің ерекшелігі, танымдық әрекеті, табиғатпен тамырластығы, мәдениеті мен менталитетінің ерекшелігін көрсетеді.

Қазақ лингвистикасындағы паремологияларды зерттеу ісі екі бағыттың аясында жүргізілуде. Оның біріншісі, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді ел ішін аралап, кәрі құлақ қариялардың аузынан жинақтап, қағазға түсіру, құрастыру жұмыстары болса, екіншісі жинақтап, құрастырылған материалдарды кешенді әрі жүйелі түрде жалпы филологиялық, лингвистикалық аспектіде зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Яғни, қазақ тілінің бүтіндей мәдениетінің көшелі сөзі, бабадан балаға мәңгілік мұра боп қалған қазынасы мақал-мәтелдерді жинақтап, құрастыру барысында Ы. Алтынсарин, В. Радлов, М. Терентьев, В.В. Катаринский, П.М. Мелиоранский, Н.Н. Пантусов, А.Е. Алекторов, Ф. Катанов, Ш. Ибрагимов, М. Ысқақов, А. Байтұрсынұлы, Ә. Диваев, Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Ө. Тұрманжанов, Ж. Кейкин, А. Баржақсы, Қ. Ергөбеков, Б. Ақмұқанова, М. Аққозин т.б. секілді жекелеген авторлардың жинақтауымен қатар арнайы ғылыми мекемелердің (А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, т.б.) ұйымдастыруымен жүргізілген экспедициялар мен зерттеулердің нәтижесінде «Бабалар сөзі» секілді көп томдық жинақтардың құрамына еніп, жинақталды. Ал осы жинақталған құнды тілдік материалдарды жалпы филологиялық және лингвистикалық аспектіде кешенді түрде зерттеу жұмыстары бойынша М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Н. Төреқұлов, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, М. Базарбаев, С. Қасқабасов, С. Нұрышов, Б. Ақмұқанова, Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Ө. Айтбаев, М. Мұқанов, З. Ерназарова, Қ. Бейсенов, Ғ. Тұрабаева, А. Нұрмаханов, С. Сәтенова, Б. Дина, Б. Сағын, Ж. Исаева, С. Қанапина т.б. филолог-мамандар тарапынан әдеби және лингвистикалық аспектіде жан-жақты зерттелді.

Құстардың қатысуымен жасалған мақал-мәтелдердің мағыналық мазмұны тілдік дискурста абстрактылық сипат алып, құстың табиғи болмысы мен іс-әрекетін адамның болмысына сәйкестендіріп ауыспалы мағынада пайдалану үрдісі кең тараған. Жалпы тілдегі поэтикалық образды сөздердің қолданысында ауыспалы сипаттың басым болатындығы белгілі. Тілдегі мұндай ауыспалы мағынадағы қолданыстар адам санасындағы салыстырудан, ұқсатудан, меңзеуден, тенеуден, ассоциациялаудан туындайды. Ал мұндай санадағы әрекеттер әрбір этностың дүниетанымына жақын заттар мен құбылыстардың негізінде жасалады. Қазақ халқының дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігіне жақын заттардың бірі құстар әлемі саналады. Ал оны біз тілдегі паремиялардың орнитонимдердің қатысуы арқылы жасалып, «дүние үзіктерінің тілдік бейнесі ғана емес, ұлттың рухани мәдениетін білдіретін тілдік константалар болып табылады. Өйткені мұнда өмір сынынан өткен халықтық философияға кездесеміз, оларда ұлттық даналық, психология мен тұрмыстық тәжірибе жатыр. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерден ұлт өкілдерінің дүниетанымы, ақыл-ойы, дүниені танудағы тілдің рөлі «дүниенің тілдік бейнесінде» көрінеді» [3: 90].

Әдісі мен материалдары

Қазақ тіліндегі орнитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасын лингвистикалық аспектіде талдау барысында тарихи-салыстырмалы, этнолингвистикалық түсіндірмесін беру, лингвомәдени семантикасын сипаттау әдістері қолданылды. Бұл әдістерді пайдалану арқылы орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған паремиялардың этномәдени семантикасын көрсетудің нәтижесінде этностың когнитивтік санасындағы әлемінің орнитонимдік бейнесінің тілдік репрезентациясын көрсету көзделеді. Ал зерттеудің дереккөздері ретінде Ә. Қайдардың «Халық даналығы» [4], «Бабалар сөзі»

жүзтомдық жинақтың мақал-мәтелдерге қатысты 66-томы [5], Ө. Тұрманжановтың «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» [6], М. Әлімбаевтың «Мақал — сөз мәйегі» [7] жинақтарындағы құстар әлеміне негізделген перемелогизмдер кеңінен пайдаланылады.

Нәтиже және талқылануы

Қазақ тілтаным ғылымындағы перемелогизмдер бүгінгі таңда қаншалықты зерттелген болса, алдағы уақытта да соншалықты зерттеле түсетіндігі анық. Себебі мақал-мәтелдердің болмысы этностың өмірлік тәжірибесінен алынған даналық ойдың түйініне негізделгендіктен, даналық ойға деген көзқарас пен қажеттілік уақыт өткен сайын жаңаша бағытта ой тудырып, зерттеудің арнасын кеңейте түседі.

Қазақ тіліндегі перемелогизмдердің бірқатарының жасалуына орнитонимдер арқау болған. Орнитонимдер арқылы жасалған мақал-мәтелдер мәдени-танымдық ойға құрылған тілдік бірлік болғандықтан, оларды этномәдени және лингвистикалық аспектіде қарастыру арқылы ұлт дүниетанымының өзіндік ерекшелігін көруге болады. Себебі орнитонимдер негізінде жасалған паремиялардың лексика-семантикалық мазмұны мен қолданыс өрісі әртүрлі ішкі-сыртқы факторлармен байланысты болып келеді де, этнос дүниетанымындағы ғасырлар бойғы жинақтаған тәжірибесі, шаруашылығы, тұрмысы, материалдық және рухани мәдениетіне қатысты танымдық ақпараттар кодталған тілдік білімдер жүйесін құрайды. Демек, тілдегі орнитонимдер арқылы жасалған перемелогизмдердің прагматикалық жүйесін, уәжді белгілерін айқындаудың мәні ерекше саналады.

Қазақ этнолингвистикасының басында тұрған, перемелогизмдердің дербес ғылым ретінде қалыптасуына ықпал еткен академик Ө. Қайдар мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы екі үлкен объективті ішкі және сыртқы факторға байланысты екенін атап көрсетеді [4]. Ғалымның теориялық тұжырымының түйінін шәкірті Ж. Байтелиева былайша тарқатады: «ММ-дердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуын әрбір этностық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи процесіне, рухани өмірі мен мәдени-әлеуметтік жағдаятына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне, өзіндік дүниетанымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, жағырапиялық аумақта (уақытша не тұрақты) бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізген рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн. ММ-дер жайдан-жай айтылмайды, белгілі мақсатты ойды жүзеге асыру үшін, тыңдаушының жан сезіміне ерекше әсер ету үшін қолданылады. ММ-дердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады» дегенді айтады [8: 82].

Қазақ тіліндегі орнитонимдік паремиялардың қалыптасуы мен даму тарихы ертедегі сақ, ғұн, көне түркілік дәуірлерден бастау алатындығын тарихтың сарғайған парақтарынан көруге болады. Сақ дәуіріндегі «Аң стиліндегі» құстардың бейнесінің өзі көне тарихтан сыр шертетіні мәлім. Бұдан кейінгі кезеңдердегі XI ғасырдағы Қараханид дәуірінде жазылған, бүгінгі түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде де құс атауларына қатысты мақал-мәтелдер біршама кездеседі [9]. Мысалы:

1 - кесте

Орнитонимдік паремиялардың диахронды-синхронды прагматикасы

Құш қанатын, Өр атын	Құс — қанатымен, Ер атымен
Көп сөгүтке құш қонар, Көркелуг кішіге сөз келір	Көп (бұтақты) ағашқа құс қонар, Көрікті кішіге сөз келер
Құш иафұзы сағзыған, Иығаш иафұзы азған, Иер иафұзы қазған, Бүдүн иафұзы барсған	Құс жаманы — сауысқан, Ағаш жаманы — азған, Жер жаманы — қазған, Ел жаманы — барсған
Бешкем үрүп атлақа, Ұйғұрдақы татлақа, Оғры иавүз ытлақа, Құшлар кебі ұштымыз	Белгі тағып аттарға, Ұйғырдағы таттарға, Ұры, жауыз иттерге, Құс секілді ұштық біз!
Келді маңа тат, Айдым емді иат. Құшқа болуп ет, Сені тілер ұс бөрі	Келді маған тат, Айттым: Енді жат! Құсқа болып ет* Сені тілер құзғын, бөрі

1-кестенің жалғасы	
Құш тұзаққа мең үшін ілінур	Құс тозаққа құлқынның қырсығынан ілігер
Қолдаш біле иарашғыл қаршып адын үдүрме, Бек тұт иаваш тақағу сүвлін иазын едерме	Қырдағы қырғауылды іздеп, Үйдегі тауығынды ұмытпа
Ақтүрүр көзүм иолақ, Түшленүр өрдек иуғақ	Қаз ұшып кетсе, көлді үйрек жағалар
Құш баласы құсыншығ ыт баласу охшаншығ	Құс баласы жиренішті, ит баласы сүйкімді

(Мысалдар М. Қашқаридың «Түркі сөздігінің» 1, 2, 3-томдарынан алынды).

Көрсетілген мысалдардағы мақал-мәтелдердің беретін мағыналары бүгінгі түркі халықтарының мақал-мәтелдерімен өзара толықтай мағыналас болып келеді. М. Қашқаридың түркі сөздігінде кездесетін орнитонимдік паремиялар бүгінгі күндері тілдік қолданыста толықтай болмаса да, ауызекі сөйлеу тілі мен көркем мәтіндерде жиі кездесіп тұрады. Мұнан біз түркі қағанаты кезеңінен бұрын басталып, күні бүгінге дейін үзілмей қолданыста келе жатқан даналық жолдың дәстүрлі сабақтастығын көруімізге болады.

Этнос мәдениетінің көрсеткіші тілдегі «даналық сөздердің» қалыптасу процесіндегі мәдени-элеуметтік жағдаяттар мен тұрмыс-тіршілігіндегі тәжірибиелік тәсілдеріне байланысты көптеген орнитонимдер арқылы жасалған паремиялар пайда болған. Этностың мәдени тұрмысы мен дүниетанымын, өткен тарихы мен этнографиялық байлығын көрсететін орнитонимдік паремиялар этнос болмысын тануда маңызды рөл атқаратын тілдік тарихи деректер саналады. Мәселен, *Қара құс қайырғанмен қыран болмас* деген паремияда қыран секілді қырағылық, батылдық, жүректілік құс біткеннің бәріне дарымайтындығын тура мағынасында сөз ете келе, ойды астарлап, сөзді тұспалдап құстың келбеті арқылы адамның характерін сөз етіп тұрғандығын байқауға болады.

Тілдегі орнитонимдік паремиялардың болмысынан этностың рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты жинақталған мәдени-танымдық ақпараттардың бұғып жататындығын ескерсек, олардың этнос болмысын танытудағы ықпалы күшті екендігі даусыз. Орнитонимдік паремиялардың қалыптасуында құстарға тән табиғи жағымды-жағымсыз ерекшеліктердің (мықтылық-әлсіздік, тектілік-тексіздік, батылдық-қорқақтық, қайырымдылық-қайырымсыздық, мейірімділік-мейірімсіздік, адалдық-арамзалық, сақтық-аңғалдық, жомарттық-қызғаншақтық, т.б.) тілдік бейнесі арқылы этноқауымдастық өкілі адамның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттерін ауыс мағынада бейнелеп, дәл айқындау, мән-жайын тарқатып, поэтикалық образды түрде суреттеудің классикалық үлгісін көрсете білген. Мәселен тілдік қолданыстағы *«Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай»* деген паремиядан құс екеш құстарда өзінің балапаны үшін, бар мейірімін салып қарайтындығы, сыртқы жаудан қорғайтындығы бейнеленген. Құстардың ішінде де әлділері әлсіздерге әлімжеттік жасауы болмысынан берілген. Алайда әлсіздерінің өзі әлділерден өзінің балапандарын қанаты қатайғанша қорғап, қатарға қосатын болған. Құстардың осындай балапаны үшін жанкешті әрекетке баруы, ауыспалы мағынада адамға қарата айтылады. Бұдан этнос өкілдерінің құстар әлемінің тыныс-тіршілігін жақсы білгендігін байқауға болады. Құстар өздерінің балапандарын сыртқы жаудан, өзге де кедергілерден қорғау үшін, жанқиярлық әрекеттерге бара алатындығы этнос тілінде *«Қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқтырмау»* дейтін паремияның қалыптасуына ықпал еткен. Бұл паремия өз кезегінде ауыспалы мағынада жұмсалып, адамға қарата айтылып, *«сенің табаныңа батқан шөңге, менің маңдайыма батсын»* дейтін паремиямен жарыса бір мағыналық кеңістікте қолданылады. Сондай-ақ, тілдегі *«Құстың жүрегі көзінен көрінеді»* деген мақалдың астарында аспан патшасы, көк еркесі, құс төресі саналатын бүркіттің сынына қатысты айтылады. Қарапайым былайғы жұрт бүркіт біткеннің бәрін мықты, тегеурінді деп сырттай бағалай беруі мүмкін. Ал саятшылар мен құсбегілер нағыз тегеуріні болаттай, алыстағыны жазбай танып, қиядағыны қиып түсер мықтыларын олардың болмыс-бітіміне қарап, тани білген. *«Құстың жүрегі көзінен көрінетіндігі»* бүркіттің көзінің өткірлігі мен қырағылығына, күн көзіне жасымай тура қарай алатындығына қарап *«қандыкөз», «көкшегір», «жезшегір»* деп бағалап, *«жүректі»* екендігін суреттеген. Көзжанары өткір бүркіт — жүректі, мықты болып келеді. Ал әлсіздерін көзіне қарап *«қарашығы тұнық емес», «ажарсыз», күңгірт болса қайратсыз санап, «мүзкөз», «құмкөз», «сөлбең қанат су көз», «қарға жүнді қара», «сабалақ сары», «күйік сары»* деп жақтырмай, тіпті *«Алса — құсым, алмаса — желтуішім»* деп, пейоротивті (жағымсыз) мағынада да қолданады. Әдетте орнитология ғылымында бүркіт өзінің жемтігін өте алыс қашықтықтан көре алатындығы айтылады. Ал осындай бүркіттің бойындағы ерекшелікті көзінен тани білген этнос өкілдері мақал-мәтелге айналдырып ұрпағына тіл арқылы аманаттап кеткен. Табиғат жаратылысының әрбір тосын ерекшелігін

тани білген этнос өкілдері адамның көзінен де үлкен психикалық характерлерді «*Жүректің сырын, көздің нұрынан байқа!*» деп «көзбен» көп нәрсені (мейірім, батылдық, жүректілік, қорқақтық, ұяңдық, жасықтық, т.б.) байланыстырып қарастырады.

Ел ішінде, бала тәрбиесінде, оқу-ағарту саласында «*Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» деген мақал өте жиі қолданылады. Бұл паремияның о бастағы шығу төркіні өзінің тура мағынасында құстардың соның ішінде жыртқыш құстардың (бүркіт, құмай, қаршыға, ителгі, лашын, т.б.) балапандарын баулуға қатысты әрекетіне қатысты туындаған. Құстардың ішіндегі кейбір жыртқыш құстар тобына жататын түрлері өздерінің балапандарының қанатын қатайтып, топшысын бекіту үшін жемтіктерін (қозы, лақ, қоян, қарсақ, т.б.) тірідей әкеп беріп, оларды болашақта жемтігін аулауға баулиды. Осы арқылы өз балапанын тамағын тауып жеуге, өзінің қарсыласымен соғысуға, өмірлік кедергілерді еңсеруге үйретеді. Жыртқыш құстардың балапандарын баулудағы осындай ерекшеліктерін құстар әлемін жетік білген этноқауымдастықтың өкілдері құсбегілер мен саятшылар біліп, бақылап отыратын болған. Олар көзімен көрген оқиғаны жай ғана бақылап қана қоймай, ел ішінде өзі шыққан саятшылық пен қансонар туралы шебер әңгімелеп беретін де өнер иесі саналған. Әдетте бүркітші, аңшы, саятшы, атбегілер жәй ғана жекелеген кәсіп яки өнер иелері ғана емес, өте шебер әңгімеші, хиссашы болып та келеді. Қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің «Бүркітші», Т. Жексенбайдың «Қыран туралы хикаялар» атты туындыларында бүркітшінің әңгімесінен қансонардағы оқиғаларды баяндаудағы шеберлігі оқиғаны жәй ғана әңгімелеп қана қоймай, көз алдына болған оқиғаны елестетіп, кино лентаны көргендей әсерде жеткізе білуі бүркітшінің сөзге ұста, өнерге адал екендігін көрсетеді. Сонымен бүгінгі тілдік қолданыстағы «*Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» деген паремия бас-тапқыда тура мағынасының негізінде туындаған болса, уақыт өте келе тұрмыс пен тіршіліктің өзгеруі аталған паремияның да мағынасын өзгертіп, ауыспалы мағыналық мәнінің мазмұнын күшейткендігін байқауға болады. Бұл күндері «балапан» дегеніміз қабырғасы қатаймаған, бұғанасы бекімеген, оны мен солын танымаған жас өскін «бала» дегеннің ассоциациясы ретінде жұмсалады. Ал әр баланың «ұясы» — бас ұстазы ата-анасы екендігі белгілі. Баланың ата-анасынан, отбасы-ошақ қасындағы көзбен көргені мен құлақпен естігені болашақ тәрбиесінің тірегіне айналады. Ол тәрбие жақсы болсын жаман болсын сол баланың өмірінде өзіндік із қалдырады. Қазақы дүниетанымда әр отбасы «ұлын ұяға, қызын қияға қондырудағы» дәстүрлі отбасылық тәрбиесі балапан күнінен беріледі. Аталған паремиядағы «ұя» сөзі адамға қатысты қолданылып, «отау, үй, үйелмен, отбасы» деген мағынада жұмсалынады. Әр отбасының отбасылық тәрбиесі ата-анасының тәрбиесіне тәуелді. Мәселен, қазақта «*қасқыр күшігіне үруді емес, ұлуды үйретеді*» деген сөз бар. Мұнда қасқырдың бойындағы қасқырға ғана тән тағылық пен ұлылық қасиеттер, оның күшігіне қанмен, жанмен, тәрбиемен даритындығын меңзейді. Сонымен, «*Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» деген паремияның астарындағы танымдық семантикасының мазмұнын осындай кең өрісте, өмірлік шынайы тәжірибеден алынып, ауыспалы астарлы мағынада жұмсалатындығын көруге болады.

Академик Ә. Қайдар: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастаң-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» дей келе, мақал-мәтелдерді шартты түрде «Адам-Қоғам-Табиғат» үштігі контекстінде қарастырып, осындай үш топқа топтастырады [4: 142]. Ғалымның осы топтамасына сәйкес, қазақ тіліндегі орнитонимдерді «Табиғат» тобына жатқызуға болады. Алайда тілдегі паремиялардың тілдік-танымдық табиғатын тануда «Адам-Қоғам-Табиғат» триадасын жеке дара дербес, бөлек-бөлек қарастыруға келмейді. Керісінше оларды өзара біртұтастықта қарастырғанда ғана, тілдегі паремиялардың бүтіндей болмысын тануға болады. «Адам-Қоғам-Табиғат» триадасының түсіндірмесін тілдегі *он сегіз мың ғалам, он екі сәт* деген ескілікті сөз орамдарының танымдық семантикасынан аңғаруға болады. Он сегіз мың ғалам — алты мың *нәбәтат* (өсімдіктер әлемі), алты мың *мақұлқат* (жануарлар әлемі — жүгірген аң мен ұшқан құс), алты мың *жамигат* (адам болмысы — адамдар ортасы, әлеумет, қоғам) болып өз ішінен үшке (нәбәтат, мақұлқат, жамигат) бөлінеді. Осылардың ішіндегі табиғаттың бір бөлшегі орнитонимдер жаратылыстың тамаша бір жанды құбылысы ғана емес, өзіндік рухани және материалдық байлығы саналады. Этнос дүниетанымындағы орнитонимдердің рухани байлықтың көрсеткіші екендігін, тілдегі құс атаулары мен құстар әлемінің қатысуы арқылы жасалған тілдік бірліктерді жатқызуға болады. Оларға тілдегі фразеологизмдер, паремеологизмдер, прецедентті мәтіндер, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен жыр-дастандар, этнографизмдер мен әдет-ғұрыптар, т.б.

жатады. Мәселен, бір ғана қыран құстың өзі ерекше қасиетті саналып, этнос дүниетанымындағы «жеті қазына» деп аталатын категориясының орнын толтырғандығынан көруге болады. Ал материалдық байлықтың көрсеткіші ретінде, этнос дүниетанымында орнитонимдерді табиғаттың әрбір жанды-жансыз құбылысы тәңірінің берген сыйы ретінде бағаланған. Құстардың бойындағы осы ерекшеліктерінің барлығы тілдегі паремеологизмдердің болмысынан анық көрінеді. «Тіл иесінің бағзы заманнан қоршаған ортаны игеруіне қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі, элеуметтік-қоғамдық қарым-қатынастарының тұжырымдамасы тілдік бірліктердің ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі түрінде сақталады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің паремиологиялық қоры — тілдік этномәдени ақпараттар жүйесінің құрамдас бөліктері болып саналады. Өйткені олардың мазмұн межесі мен мағыналық құрылымында, ішкі формасында, уәждік негіздері мен фондық астарында ұлттың (халықтың, этностың) сан ғасырлық қоғамдық, тарихи, мәдени тәжірибесі бекітіледі. Сондықтан да әр паремияны дүние (ғалам) бейнесінің кесіндісі, дүние суретінің тілдік моделі деп санауға болады» [10: 38].

Орнитонимдік паремиялардың жалпы мағынасының астарынан «құстар әлемін» «адамдар әлемімен» алмастыру, теңеу, салыстыру, ұқсату, меңзеу, шендестіру, т.б. үрдісін байқауға болады. Мәселен тұрмыстық өмірде адамдар арасында «қыран тектес қырағы, жүректі», «сұңқар текті сұңғыла, тегеурінді», «қарлығаш тектес мейірімді», «бұлбұл тектес әнші», «сандуғаш тектес сәнді», «сауысқан тектес сақ, сұмырай», «аққудайын әдемі», «қарға мен құзғын секілді сүйкімсіз», «шымшыққа ұқсаған шіңкілдек», «қораздайын қоқылдақ», «тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған», т.б. адам болмысын суреттейтін образдар болады. Әлбетте бұлар көзге бірден түсетін, өзгенің назарын өзіне аудармай қоймайтын құстар десек, осылардың ішіндегі көзге көрінсе де көріне бермейтін, елеусіз-ескерусіз құстардың бірі — торғай. Тілде торғайға қатысты «*Бір жердің жынды торғайы, Бір жердің пұлды торғайы*» деген паремия бар. Мұнда «торғай» абстрактылы мәндегі ауыспалы мағынада қолданылып, адамға қарата айтылады. Аталған паремияға «торғайдың» тірек болуы, торғай табиғатынан елеусіз, ескерусіз, әлсіз, қорғансыз құстардың қатарына жатады. Ал контекстегі «торғай» жәй ғана «торғай» емес, «жынды торғай/пұлды торғай» ретінде берілуі ойдың ұтымдылығы мен сөздің әсерлілігі (эффектісі) үшін қолданылған. Бұл мақалды тура мағынасында торғайдың нарқы мен парқын, құны мен пұлын бағамдаудың қажеттілігі жоқ. Мұнда ойды астарлап, сөзді тұспалдап, тікелей ауыспалы мағынасы арқылы зерделеу қажеттігі туындайды. Аталған паремиядағы «торғай» елеусіз адамның еленетіндігі, өмірде елеусіз-ескерусіз дүниенің болмайтындығын меңзейді. Бір жердегі яки туған ортасы ескермеген, тіпті көзге ілмей, менсінбей «жынды» санаған адамның (торғай), екінші бір ортада бәлкім жырақта өзінің бойындағы бұла күшті көрсетіп, қадыры артып, сыйлы болып, «пұлды» саналуы өмірде жиі кездесетін жағдаятқа жатады. Бәлкім қазақы орта «*қолда барда алтынның қадыры жоқ*» дегенді осыдан кейін айтқан болуы мүмкін. Бір ортада бағаланбай «жынды» саналып, екінші ортада мойындалып «пұлды» саналу, өмірдің өз заңы, «торғайдың» бейнесінде берілген, халық даналығының өмірлік контрасты құбылыстарды тіл арқылы бейнелеген, даналық ойының үзігі деп түсіну керек. Дүние құбылыстары «адамдар арқылы айтылып, адам арқылы қабылданғанның барлығы да когнитивтік талдаудан өтеді. Әлемге деген көзқарас мәдени таңбалар арқылы, олардың стереотиптері негізінде, эталондар арқылы жүзеге асады; соның негізінде тілдің таңбалық мағынасы дүниетанымның мәдени-ұлттық жүйесімен қатынасқа түседі» [11: 101].

Этностың дәстүрлі дүниетанымында «*Адам қартайса ағарады, құс қартайса қараяды*» деген даналық сөз бар. Бұл паремияның мазмұны тура мағынасының негізінде туындаған, екі құбылысты өзара салыстырудың нәтижесінде пайда болғандығын байқауға болады. Адамның қартайғанда ағаруы табиғи, биологиялық, физиологиялық құбылыс. Адам баласының биологиялық өсуінің тежеліп, физиологиялық қуаты тайғанда, әжім әлім жеттік жасап, маңдайын ақ шалып, шашына ақ түсіп, ақ сақалды, сары тісті кейіпке енуі, өңі бозарып, сүйегінің қуаруы табиғи заңдылық. Ал бұл құбылыс қыран құста керісінше жүретіндігі табиғаттың тылсым жаратылысын көрсетеді. Бұл турасында А. Тойшанұлы: «Әсілінде, құстың құйрығы он екі тал болады. Бүркіттің *балапан, тірнек, тастүлек*, ана жасына дейін құйрық пен қанатының асты ақ болады. Тек ана жасынан өткенде қараяды. Қартайған сайын ақ жүні азайып, қылаңдары жойылып, барандай бастайтындықтан кәрі бүркітті «баршын», «барқын» деп атау қалыптасқан. Балапан жасында құйрығының ұшында төрт елідей қарасы болады. Онан жоғары жағы ақ болады. Анықтап қарағанда, құйрықтың ортасындағы шыбықтың екі жақ ақ елпінде аздаған шашыранды, қара ноқат белгілері болса, оны «*қара тарлан, жай тарлан*» деп тұжырым жасап, «*сүрімді қыран шықпайды*» делінеді. Егер құйрықтың елпіндегі шашыранды ноқаттары қызғылтым реңді болып біткен болса, онда «*нағыз қызыл тарлан, қан тарлан*» деп аталып, қыран

сынына толғаны «Тарлан салған тарықпас» деп бағаланады» дегенді айтады [12]. Бұдан этностың адам мен құстың жаратылысын, биологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ғылым мен техниканың жетілмей тұрған заманында жетік біліп, тіл арқылы түйіндеп кейінгі ұрпаққа қалдыра білгендігін анық көруге болады. Адамның қарттыққа бой алдырғанда тәнінің ағаруы өзінің еркінен тыс физиологиялық табиғи құбылыс саналса, оның кір шалған көңілді, тот басқан жүректі, қарайған пейілді тазартуы өзінің еркімен шынайы ниетімен болатын құбылыс саналады. Сонымен адамның «қарттығы ағарумен, қырандікі қараюмен аяқталуы», өмірдегі әрбір құбылыстың контрасты бейнесі этнос мәдениетіндегі қарапайым паремия арқылы дүние бейнесінің қарабайыр үзігінің суретінен көрінеді. Яғни, «қазақтың этноәлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдері, қазақ ру-тайпаларының тектамырына, мекен-тұрағына, кәсіп-харекетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты мейлінше құнды деректер беріп отырады» [13; 599].

Күнделікті тұрмыстық өмірде «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» дейтін паремия жиі қолданылады. Этнос мәдениетінде бұл паремияны ауыспалы мағынада басына іс түскен немесе жақыны өліп қаралы болған, қайғыдан қан жұтып отырған азалы адамды (отбасын, әулетті, рулы елді) жұбату, көңіл айту, сабырға шақыру, басу айту мақсатында, тұрмыстық өмірде жиі пайдаланады. Этнос дүниетанымындағы бұл паремияның қызметі басу айту, сабырға шақыру, «болған іске болаттай берік болу», «басқа түссе баспақшыл» деп, басқа түскен ауырпалықты «кылша мойным талша» деп көтере білуге үндейді. Адамды басына түскен жағдайға көндігіп көне білуге, «Алланың мың бір аты — Сабыр» деп, сабырға келуге насихаттайды. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында уайымсыз-қайғысыз, «төрт құбыласы түгел», «қағанағы қарқ, сағанағы сарық», «болдым-толдым» деген адам болмайды. Басына «мың жылқы біткен», «кәрі қойы алжып өлген», «жегені алдында, жемегені артында», «үріп ішіп, шайқап төгіп» отырған дәулеті асқан адамның да бір уайымы болатындығы, ал «кедейдің бай болғысы, байдың құдайға жеткісі келетіндігі» пендеәуи заңдылық. Осыған қарата халық даналығы әркімнің өз несібесі тәңірінің сыйы екендігін «қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деп адамды қанағатшылдыққа, сабырға шақырады. Адамды сабырға шақыру үшін халық даналығы адамды адаммен салыстырмай, адамды жан-жануарлар, аң-құстар әлемі арқылы да салыстыра суреттеу үрдісі этнос мәдениетінде кең тараған. Бұл дегеніміз этнос дүниетанымындағы адам мен әлемнің (табиғат) өзара тепе-теңдігін көрсететін дала философиясының тұспалды ойының астарлы сөзбен құндақталып жатқандығын көрсетеді. Аталған мақалдың тура мағынасы өмірлік тәжірибиеден, көзбен көріп, қолмен ұстаған күнделікті тұрмыстық өмірден алынған. Сұңқар біткеннің қанаты бүтін, қауырсыны түгел, топшысы түзу бола бермесі анық. Оның себебі сұңқар өзінің жемтігіне түскенде не жауымен соғысқанда олар да қарап тұрмай, жан алып, жан берісерлік жанкешті қарсы әрекетке барады. Сол аралықта сұңқардың қанатынан майырылуы, өзіне зақым келуі табиғи құбылыс саналады. Өмірдің заңы бойынша біреу жаныңды алам деп тарпа бас салғанда, оған қарап тұрмай қарсы әрекет жасау «өлсемде жастығымды ала құшайын» деп, жанұшыра жанталасу, өмір үшін күресу табиғи заңдылық. Ал мақалдың екінші тармағындағы «тұяғы бүтін тұлпардың болмауы» ол да өмірдің шынайы бейнесінен алынған. Тілдегі «мақал-мәтелдердің уәжін анықтау айтылымның пре-суппозициясы мен астарлы (имплицитті) мағынасымен байланысты. Демек, тілді білу, кез келген тілдік оралымды түсіну адамда болуға тиісті аялық білімнің деңгейіне қатысты. Білім аясы танымдық әрекетпен, яғни адамның ойлау жүйесімен байланысты» [14; 109]. Қазақта «жақсы ат аяғынан қалады» деген сөз бар. Аттың жақсысы тұлпар саналады. Тұлпар тұяқты жануар, яғни жылқы аяқты мал болғандықтан, тау жүреді, тас жүреді, ол жүрген жер «тақтайдай тегіс болмайды». Сондықтан тұлпардың аяқтан сүрініп, тұяқтан тозуы мен мерттігуі тұрмыстық өмірде бар жағдай. Осыған сәйкес, жоғарыдағы аталған паремиямен мағыналық өрісі бір «Табаны тозбас тұлпар жоқ. Қанаты талмас сұңқар жоқ» деген мақал жарыса қолданылады. Сонымен мұнда көрсетілген паремиялар этностың шынайы тұрмыстық өмірінен алынып, адам санасында ассоциацияланып, поэтикалық образды түрде ауыспалы мағынадағы қолданысы кеңінен тараған.

Мақал-мәтелдер — этноқауымдастықтың өкіліне «өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға», «болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдап айтуға», «адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықтарды бағалауға» көмектесетін тілдік дидактикалық фактілер саналады. Олардың шындық болмыстағы нақты заттар мен құбылыстарға қатысты туындаған алғашқы мағынасы мен оның мағыналық даму барысында абстракцияланып, адамға бағышталған ауыспалы мағынасы арасындағы логикалық, уәждік, семантикалық байланыстың, гомоцентристік үрдістің таби-

ғатын жекелеген паремияларды лингвокогнитивтік аспектіде талдау арқылы көрсетуге болады [10: 50].

Қазақ тілінің сөздік қазынасындағы орнитонимдік паремиялар ғалам бейнесін танудағы танымдық әрекеттерінің ассоциативтік үлгісі, көзге көрінбейтін көңілмен түйсінетін таным талшықтары саналады. Этностың ғалам бейнесін танудағы әрекеттері орнитонимдік паремиялар арқылы да жасалып, тіл иесі этноқауымдастық өкілдерінің поэтикалық образды ойлауымен, көркем сөйлеуімен, ділдік ерекшелігімен астасып, этнотанымдық мәнге ие болады. Орнитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасында этностың сөз байлығы мен когнитивтік санасында заманалар бойы жинақталған аялық білімі мен танымдық қорының қатпарлары бейнеленеді.

Қорытынды

Тілдік қолданыстағы орнитонимдік паремиялар этнос дүниетанымына қатысты категорияларды экстралингвистикалық мәнділіктерімен сабақтастықта қарастыра отырып, этномәдени семантикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын айқындауға өзіндік ықпал етеді. Тілдегі орнитонимдік паремияларға қатысты туындаған этномәдени семантикалық түсініктердің таңбалануы ақиқат өмірмен байланысты лингвистикалық зерттеуді қажет етеді. Сол арқылы даналық ойдың рухани мәдениетпен астасып жатуы этнос мәдениетінің тұрмысы мен рухани әлемінің көкжиегін көрсетеді. Сондықтан да тілдегі орнитонимдік паремиялар этностың ұлттық, мәдени, рухани, әлеуметтік, халықтық, дәстүрлі этномәдени мәнін көрсетеді.

Құс атауларына қатысты қалыптасқан мақал-мәтелдердің жасалуы мен семантикалық тұрғыдан дамуы белгілі бір құбылыстар мен заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңдылықтар орнитонимдік паремияларды мұқият диахрондық зерделеу мен олардың шығу тегін анықтаудан көрінеді. Қазақ тіліндегі біз қарастырып отырған орнитонимдік паремиялар этностың тарихи-этнографиялық процестері, рухани-мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниені қабылдауы, құстар жөніндегі нақты ұғым-түсініктері туралы ақпараттарды береді. Оларда тіл мен этностың, адам мен құстың, тіл мен рухани мәдениеттің өзара тығыз байланысының жарқын көрінісі бейнеленген. Адам мен табиғаттың арақатынасы негізінде қалыптасқан орнитонимдік паремиялардың уәждік белгілерін айқындау, ауыспалы контекстегі қолданысын, күнделікті тұрмыс пен шаруашылықтағы орнын сипаттап, этнографиялық деректерін келтіре отырып этномәдени тұрғыдан талдау этностың ғалам бейнесіндегі құстар туралы этникалық түсінігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қарсыбекова Ш.П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. Мамандығы 10.02.02 — қазақ тілі / Ш.П. Қарсыбекова. — Алматы, 2004. — 26 б.
- 2 Сағидолда Г.С. Түркі — моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері / Г.С. Сағидолда. — Астана, 2010. — 250 б.
- 3 Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы 10.02.02 — қазақ тілі / С.Ф. Қанапина. — Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2005. — 143 б.
- 4 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы / Ә.Т. Қайдар. — Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. — 560 б.
- 5 Бабалар сөзі: [Жүзтомдық]. — Т. 66 / Қ. Алпысбаева (жауапты шығарушы). — Астана: «Фолиант», 2010. — Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері. — 408 б.
- 6 Тұрманжанов Ә. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / Ә.Тұрманжанов. — Алматы, 2006. — 389 б.
- 7 Әлімбаев М. Мақал — сөз мәйегі / М. Әлімбаев. — Алматы, 2013. — 172 б.
- 8 Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: филол. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы 10.02.06 — түркі тілдері / Ж.Д. Байтелиева. — Алматы, 2007. — 147 б.
- 9 Қашқари М. Түрік сөздігі. — Т. 1, 2, 3 / М. Қашқари. — Алматы: Арда+7, 2017. — 592 б.
- 10 Исаева Ж.И. Дүниенің паремологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспекті): филол. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / Ж.И. Исаева. — Алматы, 2007. — 126 б.
- 11 Авакова Р. Фразеосемантика / Р. Авакова. — Алматы: Қазақ университеті, 2013. — 246 б.
- 12 Тойшанұлы А. Қыран сыны / А. Тойшанұлы // Ана тілі. Ұлт газеті. — 2015. — 14 қаңтар.
- 13 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу / А. Сейдімбек. — Астана: Фолиант, 2008. — 728 б.
- 14 Дина Б.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы 10.02.02 — қазақ тілі / Б.Б. Дина. — Алматы, 2002. — 118 б.

С.А. Жиренов

Этнокультурное семантика орнитонимических паремий

В статье рассмотрен этнокультурный характер орнитонимических паремий, сформировавшихся в языке как национальной идентичности и менталитета, мировоззрения и быта этноса в лингвистическом аспекте. Орнитонимические паремии предоставляют ценную лингвистическую и когнитивную информацию о прошлой жизни этноса, национальной культуре и мировоззрении, духовной и материальной близости человека и птичьего мира. Часть пословиц и поговорок на казахском языке состоит из паремий о птицах, о мире птиц. Птицы в бытовой культуре этноса живут в тесном духовном и материальном взаимодействии с представителями этносов. Связь между птицами и людьми четко прослеживается в орнитонимических паремиях в языке этносов. В качестве материала исследования статьи рассматриваются мировоззрение, культура, история, традиции, религиозное понимание, взгляд на мир птиц этноса в орнитонимических паремиях в лингвистическом аспекте. Орнитонимические паремии в языке изучаются с научно-теоретической и практической точки зрения как этнокультурное проявление исторических, культурно-духовных, социальных особенностей этноса в обществе.

Ключевые слова: этнос, орнитонимическая паремия, культурное познание, языковое познание, человек, мир птиц, общество, природа.

S.A. Zhirenov

Ethnocultural semantics of ornithonymic proverbs

The article examines the ethnocultural nature of ornithonymic proverbs formed in the language as a national identity and mentality, worldview and life of an ethnic group in the linguistic aspect. Ornithonymic proverbs provide valuable linguistic and cognitive information about the past life of an ethnic group, national culture and worldview, spiritual and material closeness of humans and the avian world. Some of the proverbs and sayings in the Kazakh language consist of paremiias about birds, about the world of birds. Birds in the everyday culture of an ethnic group live in close spiritual and material interaction with representatives of ethnic groups. The connection between birds and people is clearly traced in ornithonymic proverbs in the language of ethnic groups. The article considers the worldview, culture, history, traditions, religious understanding, a view of the ethnic group to the world of birds in the ornithonymic proverbs in the linguistic aspect. Ornithonymic proverbs in the language are studied from a scientific-theoretical and practical point of view as an ethnocultural manifestation of the historical, cultural, spiritual, social characteristics of an ethnic group in society.

Keywords: ethnos, ornithonymic proverb, cultural cognition, linguistic cognition, man, the world of birds, society, nature

References

- 1 Qarsybekova, Sh.P. (2004). Qazaq tilindegi maqal-matelderdi toptastyrudyn etnolingvistikalıyq printsıpteri [Ethnolinguistic principles of grouping proverbs and sayings in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 2 Sagidolda, G.S. (2010). *Turki—mongol dunie beinesinin tildik fragmentteri [Language fragments of the Turkic-Mongolian picture of the world]*. Astana [in Kazakh].
- 3 Qanapina, S.G. (2005). Qazaq tilindegi maqal-matelderdi tanymdyq beineliligi (G.Mustafin, Muqanov negizinde) [Cognitive representation of Proverbs and sayings in the Kazakh language (based on G. Mustafin, S. Muqanov)]. *Candidate's thesis*. Almaty: Abai atyndagy Qazaq ulıtyq pedagogikalıyq university [in Kazakh].
- 4 Qaidar, A.T. (2004). *Khalyq danalygy [Folk wisdom]*. Almaty: “Toganaı T” baspasy [in Kazakh].
- 5 Alpysbayeva, Q. (Eds.). (2010). *Babalar sozi: Zhuztomdyq [Word of ancestors: Hundredth volume]. T. 66. Qazaq maqal-matelderı – Kazakh Proverbs and Sayings*. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 6 Turmanzhanov, O. (2006). *Qazaqtyn maqaldary men matelderı [Kazakh proverbs and sayings]*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Alimbayev, M. (2013). *Maqal — soz maiegi [Proverbial corpse]*. Almaty [in Kazakh].
- 8 Baitelieva, Zh.D. (2007). Qazaq tilindegi zhylqy malyna qatysty frazeologikalıyq tirkesterdin etnomadeni uazhdemesi [Ethnocultural motivation of phraseological phrases related to horse cattle in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Qashqari, M. (2017). *Turik sozdigi [Turkish dictionary]* (Vol. 1, 2, 3). Almaty, Arda+7 [in Kazakh].
- 10 Isaeva, Zh.I. (2007). Dunienin paremiologikalıyq beinesi (lingvomadeniettanymdyq aspekt) [Paremiological picture of the world (linguoculturological aspect)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].

- 11 Avakova, R. (2013). *Frazeosemantika [Phraseosemantics]*. Almaty, Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 12 Toishanuly, A. (2015). Qyran syny [Eagle criticism]. *Ana tili. Ult gazeti — Native language. Newspaper of the nation*, 1(27), 35–36 [in Kazakh].
- 13 Seidimbek, A. (2008). *Qazaqtyn auyzsha tarikhy: Zertteu [Oral history of Kazakh: Research]*. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 14 Dina, B.B. (2002). Qazaq tilindegi maqal-matelderдин танымдық-прагматикалық аспектісі [Cognitive-pragmatic aspect of Proverbs and sayings in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].

Buketov University